

Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 515 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 14 шілдеде № 13921 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.06.2023 № 234 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 11) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.05.2022 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың еркіті түрде қоныс аудару тәртібі туралы қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Халықты жұмыспен қамту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бір данасын баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі*

Т. Дүйсенова

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2016 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы

_____ М. Құсайынов

2016 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2016 жылғы 14 маусымдағы
№ 515 бұйрығымен
бекітілген

Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.05.2022 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықты жұмыспен қамту

туралы" Қазақстан Республикасы Заңның (бұдан әрі – Заң) 11-бабының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 729 қаулысымен бекітілген "Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері" ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) аудандық (қалалық) комиссия – ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органы жанындағы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

3) әлеуметтік келісімшарт – жұмыссыздар, жұмыспен қамтылған адамдардың жекелеген санаттары, сондай-ақ Заңда көзделген жағдайларда өзге адамдар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматы не қандас мен халықты жұмыспен қамту орталығы арасындағы, ал Заңда көзделген жағдайларда, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын ұйымдастыруға тартылған жеке және заңды тұлғалардың тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу туралы, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы келісім;

4) бос орын – жұмыс берушідегі бос жұмыс орны (лауазым);

5) жалдаушы (жалға алушы) – тұрғынжайды жалдау шартындағы тұрғынжайды немесе оның бір бөлігін тұрақты немесе уақытша иеленуге және пайдалануға алушы тарап;

6) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)

басшылығымен өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды басшылыққа алатын алқалы атқарушы орган;

7) коммуналдық қызметтер – тұрудың (болудың) қауіпсіз және жайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін тұрғын үйде (тұрғын ғимаратта) көрсетілетін және сумен жабдықтауды, кәрізді, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқысты әкету мен лифт қызметін көрсетуді қамтитын қызметтер;

8) шет елдегі мекемелер – шекарада орналасқан Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері;

9) қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, тарихи отанына келген және Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері;

10) қандастарды бейімдеу және интеграциялау орталығы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын және қандастарға, олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және интеграциялау қызметтерін көрсетуге және уақытша тұруға арналған заңды тұлға;

11) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Заңға сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қандастардың немесе қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

12) қоныс аударушы – Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ішкі көшіп-қонушы;

13) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қоныс аударушылардың немесе қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

14) қызметтік тұрғын үй – мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан берілетін және өздерінің еңбек қатынастарының сипатына байланысты міндеттерін орындау кезеңінде, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің ротациясын жүзеге асырған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының

азаматтарын қоныстандыруға арналған айрықша құқықтық режимі бар тұрғын үй ;

15) моноқала – бұл бір немесе бірнеше (көп емес) қала құраушы, бір бейінді және шикізаттық бағыттағы қаланың экономикалық және әлеуметтік жағдайын айқындайтын кәсіпорындарда еңбекке жарамды халықтың және өнеркәсіп өндірісінің негізгі бөлігі (20 пайыздан астамы) шоғырландырылған қала;

16) облыс ішінде қоныс аудару – мемлекеттік тұрғын үй қорынан және/немесе жұмыс берушілердің қаражаты есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасу немесе кәсіпкерлік бастамаларға жәрдемдесу мүмкіндігі болған кезде экономикалық даму әлеуеті төмен ауылдардан облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға, экономикалық өсу орталықтарына бір облыс шегінде қоныс аудару;

17) өңірлік комиссия – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының жанындағы, жергілікті өкілді органдардың, жұмыс берушілер өкілдерінің, кәсіптік одақтардың және облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана кәсіпкерлер палатасының қатысуымен жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

18) өңіраралық қоныс аудару – "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қоныс аударушыларды және қандастарды қабылдаудың өңірлік квоталары, сондай-ақ ерікті түрде қоныс аударуды көздейтін, халықты жұмыспен қамту саласындағы үкіметтік бағдарламалар шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өңірлерге адамдардың ерікті түрде қоныс аудару;

19) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган – сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік басқару саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

20) тұрғын үйді жалға алу (жалдау) – тұрғын үйді немесе оның бір бөлігін жалға берушіге (жалға алушыға) тұрақты немесе уақытша иелену және ақыға пайдалану үшін беру;

21) тұрғынжайды жалдау шарты – оған сәйкес жалдауға беруші жалдаушыға тұрғынжайды немесе оның бір бөлігін ақы төлеп пайдалану құқығын беретін шарт;

22) тірек ауылдық елді мекен – сол жерде тұратын халықты және іргелес орналасқан ауылдық елді мекендердің (бұдан әрі - АЕМ) тұрғындарын мемлекеттік және ауылдық кластерді құрайтын әлеуметтік көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету үшін инфрақұрылым жасалатын абаттандырылған ауылдық елді мекен;

23) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган – өңірлік еңбек нарығындағы ахуалға негіздей отырып, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің бағыттарын айқындайтын ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшесі;

24) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

25) шағын қала – халқының саны 50 мың адамға дейінгі қала;

26) шекара маңындағы аумақтар – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан 50 километрге дейінгі қашықтықта орналасқан әкімшілік-аумақтық құрылымдардың және елді мекендердің аумақтары;

27) экономикалық өсу орталықтары – өңір экономикасында инновациялар мен прогресс көзі функциясын орындайтын, "ауқым әсерінің" арқасында өндіріс факторларының тартылыс (шоғырлану) полюстері болып табылатын және жаңа тауарлар шығаратын және қызметтер көрсететін серпінді дамып келе жатқан салалардың кәсіпорындары орналасатын нақты елді мекендер;

28) халықты жұмыспен қамту орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

28) халықты жұмыспен қамту орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

29) "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік интернет-ресурсы (бұдан әрі – Электрондық еңбек биржасы) – еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық базасын қамтитын электрондық ақпараттық ресурс.

30) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – ЭҮП) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы екі бағытта жүзеге асырылады:

1) қоныс аударушылар мен қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге;

2) бір облыс шегінде.

5. Өңірлік, аудандық (қалалық) комиссия "Кейбір үлгілік құжаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 7 маусымдағы № 482 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13867 болып тіркелген) бекітетілген үлгілік ережеге сәйкес жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

6. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін өңірлік комиссияның қарауына қоныс аудару үшін елді мекендердің тізбесінің жобасын шығарады.

7. Өңірлік комиссия жыл сайын, 15 қаңтарға дейін, экономикалық даму әлеуеті орташа және жоғары АЕМ, шағын және моноқалалар, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ экономикалық өсу орталығы қатарынан қандастар мен қоныс аударушыларды, оның ішінде облыс ішінде қоныстандыру үшін елді мекендердің тізбесін қарастырады және бекітеді және тізбені халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органға жібереді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган елді мекендер тізбесін Электрондық еңбек биржасында, "Қоныс аудару" бөлімінде орналастыруды қамтамасыз етеді және халықты жұмыспен қамту орталықтарына, ауылдық округтердің әкімдеріне жібереді.

9. Еңбек ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару шаралары тізбеге кірмейтін өзге де елді мекендерде іске асырылмайды.

10. Халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмысқа орналастыру үшін мынадай санаттағы:

1) жұмыс іздеген адамдардың;

2) жұмыссыздардың;

3) "Жұмыспен қамтылған адамдардың жекелеген санаттарын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 178

қаулысына сәйкес, жұмыспен қамтылған адамдардың жекелеген санаттарының және олардың отбасы мүшелерінің жаңа тұрғылықты жерге ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдеседі;

4) қандастар.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Жұмысқа орналасу үшін жұмыс іздеп жүрген адамдар және жұмыссыздар арасында Заңның 24-бабының 3 тармағына сәйкес жаңа тұрғылықты жерге ерікті түрде қоныс аудару үшін:

1) балалар ауылының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің түлектері, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері;

2) алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері;

4) жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші – жеке тұлға қызметінің тоқтатылуына, жұмыскерлер санының немесе штатының қысқаруына, жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына әкеп соққан өндірістердің және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты жұмыстан босатылған адамдар басым құқықты пайдаланады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Жұмысқа орналасу үшін жаңа тұрғылықты жерге ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу:

1) мемлекеттік қызметшілерге;

2) ҚР ҰК 01-2017 қызметтер сыныптауышының тоғызыншы тобына жататын біліктілігі төмен жұмысшыларға;

3) қоныс аударушың отбасы құрамындағы адамдарды қоспағанда, жұмыс күшінің құрамына кірмейтін азаматтарға қолданылмайды.

13. Жаңа тұрғылықты жерге ерікті түрде қоныс аударуды мемлекеттік қолдау шаралары бір рет көрсетіледі.

14. Осы Қағидалардың 18 және 46 тармақтарында көзделген жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару шаралары

туралы мәліметтер Әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "Еңбек нарығы" ААЖ) орналастырылады.

2-тарау. Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуын ұйымдастыру тәртібі

1-параграф. Өңіраралық қоныс аудару тәртібі

15. Өңіраралық қоныс аудару жұмыс күші артық облыстардан (бұдан әрі – шығу өңірлері) жұмыс күші жетіспейтін облыстарға (бұдан әрі – қабылдау өңірлері) жұмысқа орналастыруға немесе кәсіпкерлік бастамаларға жәрдемдесу бойынша міндеттемелермен жүзеге асырылады.

16. Алматы, Жамбыл, Жетісу, Маңғыстау, Түркістан, Қызылорда облыстары мен Астана, Алматы және Шымкент қалалары кейінгі 10 жылда облыстағы халық саны жыл сайын 2 %-дан артық өсетін және/немесе халқының тығыздығы шаршы километрге 6,4 адамнан асатын шығу өңірлері болып айқындалған.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Қабылдау өңірлері "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалады.

18. Жаңа тұрғылықты жерде ерікті түрде өңіраралық қоныс аударуды мемлекеттік қолдау:

1) жұмыскердің қоныс аударуы жұмыс берушінің есебінен іске асырылған жағдайды қоспағанда, адамдарға және оның отбасы мүшелеріне материалдық көмек беруді;

2) жұмыс беруші жұмыскерге тұрғын үй-жай ұсынған жағдайларды қоспағанда, тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй немесе жатақханалардан бөлме беруді;

3) жұмыс берушінің қажеттілігі бар болған кезде кәсіптік оқытуды;

4) жаңа тұрғылықты жерде жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді қамтиды.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. "Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" ("Серпін") жобасына қатысушылар қатарындағы түлектер, сондай-ақ қандастар шығу өңіріне/мемлекетіне қарамастан өңіраралық ерікті түрде қоныс аударуға қатысады.

Бұл ретте, "Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" ("Серпін") жобасына қатысушылар қатарындағы түлектер оқу өңіріне қарамастан осы Қағидаларға

сәйкес қабылдау өңірінде мемлекеттік қолдау шарасын ала алады. Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген қандастардың және олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы осы Қағидаларда көзделген ерікті қоныс аударуға арналған мемлекеттік қолдау шараларын тоқтату үшін негіз болып табылмайды.

20. Халықты жұмыспен қамту орталықтары ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және(немесе) желінің абоненттік құрылғысы және ЭҮП арқылы өтініш берушілерді хабардар етеді және оларға қоныс аударушыларды қабылдау өңірінің жергілікті атқарушы органы қабылдаған шешімдердің көшірмелерін ұсынады, үміткерді жаңа тұрғылықты жерде қабылдауға дайын екендігі туралы хабардар етеді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Хабарламаны алғаннан кейін қоныс аударуды қандастар және қоныс аударушылар дербес жүзеге асырады.

22. Шыққан өңірлерінен қоныс аударушыларды қабылдау өңірлеріне өз бетінше келген және сонда алты айдан артық тұрмаған қоныс аударушылар, сондай-ақ "Мәңгілік ел жастары - индустрияға!" ("Серпін") жобасының түлектері оқу орнын аяқтаған соң алты ай мерзімінде және қоныс аударушыларды қабылдау өңірлерінде тіркелуіне тәуелсіз халықты жұмыспен қамту орталығына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

23. Қабылдау өңірінің халықты жұмыспен қамту орталығы келгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы Әлеуметтік келісімшарт жасасады.

24. Бір қабылдау өңірінің ішінде қоныстандыру ауданынан/қаласынан тыс бір елді мекеннен басқа елді мекенге көшкен жағдайда қандас не қоныс аударушы тиісті халықты жұмыспен қамту орталықтарын хабардар етеді және жаңа тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік келісімшарт жасасады.

25. Өңіраралық қоныс аударуды ұйымдастыру мақсатында шығу және қабылдау өңірлері шығу өңірлерінде бос орындар жәрмеңкелерін ұйымдастыру, қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың белгіленген өңірлік квота, еңбек нарығындағы жағдай, жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс туралы, әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету шарттары және қабылдау өңірлеріне танысу сапарларын ұйымдастыру арқылы өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

26. Өңіраралық қоныс аударуды мемлекеттік қолдау шаралары жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Жұмыс берушілердің қатысуымен өңіраралық қоныс аудару тәртібі

27. Жұмыс берушілерге өңіраралық қоныс аударуда жәрдем көрсету үшін халықты жұмыспен қамту орталықтары өңірлік кәсіпкерлер палаталарының филиалымен бірлесіп, жұмыс берушілерге ерікті өңіраралық қоныс аудару шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын көрсетудің тәртібі мен шарттары туралы консультация береді.

28. Қабылдау өңірінен еңбек ресурстарына қажеттілігі бар жұмыс берушілер персоналды Электрондық еңбек биржасы арқылы:

1) мамандық (кәсіп) және жұмыс шарттары бөлінісінде қажетті қызметкерлердің санын көрсете отырып, бос бос жұмыс орнын туралы өтінімді орналастыру арқылы таңдайды.

Ақпаратта жұмыс берушінің есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша , қосымша қолдау шаралары мен әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету туралы мәліметтер көрсетіледі:

2) шығу өңірлерінен қажетті ізденушілердің түйіндемесін қарау арқылы таңдайды.

29. Жұмыс беруші жауаптарға жүгінген кезде, ізденушінің жүйесінен жауап алған жағдайда, ізденушінің байланыс деректері туралы ақпарат алу үшін ізденушінің жүйесіне сәйкестендіргіші бар сұратуды қалыптастырады.

30. Жұмыс беруші ақпараттық-коммуникациялық технологиялар немесе желінің абоненттік құрылғысы арқылы жұмыс іздеушіні шығу өңірінен жаңа тұрғылықты жерде қабылдау дайындығы және жайластыру және үй беру мүмкіндіктері туралы хабардар етеді.

31. Көшудің тәртібі мен шарттарын жұмыс беруші мен ізденуші азаматтық-құқықтық сипаттағы Шартқа сәйкес келіседі.

32. Жұмыс беруші көшу шартымен келісілгеннен кейін қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы не одан бас тарту туралы ұсынымдар шығару үшін мамандық (кәсіп) және жұмыс шарттары бөлінісінде жұмыскерлердің санын, сондай-ақ өзге де қолдау шараларын көрсете отырып, ізденуші туралы мәліметтерді өңірлік комиссияның қарауына жібереді.

33. Өңірлік комиссия жұмыс берушіден мәліметтерді алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде квотаға енгізу туралы не себептерін дәлелді негіздей отырып, одан бас тарту туралы ұсыным шығарады.

34. Квотаға енгізуден бас тарту үшін жұмыс берушіде жалақы төлеу бойынша алты айдан астам, сондай-ақ есептелген салықтар, алымдар және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер бойынша үш айдан астам берешегінің болуы негіз болып табылады.

35. Қабылдау өңірлерінің өңіраралық қоныс аударуға осы Қағидалардың шартына сәйкес жәрдем көрсететін жұмыс берушіге:

1) қабылданған әрбір қызметкер үшін бір мезгілде 400 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (одан әрі – АЕК) бір рет жұмысқа орналасуға арналған субсидия (бұдан әрі – жұмысқа орналасуға арналған субсидия) мынадай шарттар кезінде:

кемінде екі жыл мерзіммен тұрақты жұмысқа орналастыру;
тұрғын үймен қамтамасыз ету;

2) ауыл елді мекендерінде жаңа тұрғын үй құрылысына шығыстардың 50%-на дейін өтеу арналған субсидия беріледі (бұдан әрі – тұрғын үй салуға арналған субсидия).

36. Жұмыс берушіге жұмысқа орналасуға субсидия берілген кезде көшуге субсидия төленбейді және тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар қандасқа және қоныс аударушыға өтелмейді.

37. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 353 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21173 болып тіркелген) бекітілген Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу қағидаларына сәйкес жұмыс беруші қандастар және қоныс аударушылар қатарынан жұмысқа орналастырылған жұмыскерлердің еңбек шарттары бойынша мәліметтерді "Электрондық еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі" ААЖ-ға орналастыруды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Жұмыс берушілер қабылдау өңірінің халықты жұмыспен қамту орталықтарына жұмыс берушіге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай құжаттардың көшірмелерін:

1) қоныс аударушыларды және қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өңірлік комиссияның шешімдерін айқындау туралы;

2) жұмыс берушінің жұмысқа қабылдау туралы актісінің көшірмесі не жұмыс берушінің қолымен және мөрімен (бар болса) расталған жұмыскерлермен

жасалған еңбек шартының көшірмесін қоса бере отырып жұмысқа орналасуға субсидия төлеу туралы өтініш береді

39. Халықты жұмыспен қамту орталығы өтініште көрсетілген мәліметтер толық және ұсынылған құжаттар толық болған кезде субсидия төлеу туралы өтінішті қабылдайды;

40. Халықты жұмыспен қамту орталығы өтініш қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде субсидия төлеу туралы шешім шығарады және жұмыс берушіге субсидиялар төлеуді қамтамасыз етеді.

41. Халықты жұмыспен қамту орталығы, ерікті түрде қоныс аударуға қатысушы және жұмыс беруші арасында үшжақты әлеуметтік келісімшарт жасалады, онда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушіге субсидия төлеу, қызметтік тұрғын үй беру шарттары және басқа да қолдау шаралары көзделеді.

42. Жұмыс берушінің ұсынысы бойынша әлеуметтік келісімшартта қоныс аударушылар мен қандастарды қолдаудың қосымша шаралары көзделеді.

43. Әлеуметтік келісімшарт талаптарының орындалуын халықты жұмыспен қамту орталығы және жұмыс беруші бақылайды.

44. Ерікті өңіраралық қоныс аудару шараларын іске асыруға жәрдемдесетін жұмыс берушілерге жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды іске асыру шеңберінде мемлекеттік қолдау алуда басымдық беріледі.

3-параграф. Облыс ішінде қоныс аударуды ұйымдастыру тәртібі

45. Облыс ішінде қоныс аудару облыс шегінде АЕМ-нен және экономикалық даму әлеуеті төмен моноқалалардан АЕМ-ге, Экономикалық даму әлеуеті орташа және жоғары шағын және моноқалаларға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үймен қамтамасыз ету немесе жұмыс берушілер есебінен, жұмысқа орналастыру немесе кәсіпкерлік бастаманы дамыту мүмкіндігі болған кезде экономикалық өсу орталықтарына жүзеге асырылады.

46. Облыс ішінде ерікті түрде қоныс аударуды мемлекеттік қолдау:

1) жұмыскердің көшуі жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне материалдық көмек беруді;

2) жұмыс беруші жұмыскерге тұрғын үй-жай ұсынған жағдайларды қоспағанда, тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй немесе жатақханалардан бөлме беруді;

3) жұмыс берушінің қажеттілігі бар болған кезде кәсіптік оқытуды;

4) жаңа тұрғылықты жерде жұмысқа орналасуға және кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуді қамтиды.

Ескерту. 46-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Бір облыс ішінде қоныс аударуды мемлекеттік қолдау шаралары жергілікті бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

48. Облыс ішінде ерікті түрде қоныс аударуға қатысушылар экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерде және моноқалаларда тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары.

49. Облыс шегінде қоныс аударуды жоспарлап отырған адамдар тұрғылықты жеріндегі халықты жұмыспен қамту орталықтарына/ауылдық округтер әкімдеріне жүгінеді.

50. Халықты жұмыспен қамту орталықтары және/немесе ауылдық округтердің әкімдері үміткерлерге облыс ішіндегі ерікті қоныс аударуға қатысу тәртібі мен шарттары және көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары туралы консультация береді.

51. Ауылдық округтердің әкімдері бір облыс ішінде қоныс аударуға қатысуға үміткерлердің тізімін халықты жұмыспен қамту орталығына жібереді.

52. Халықты жұмыспен қамту орталықтары бір аудан ішінде және облыс шегінде көшуді жоспарлап отырған үміткерлердің тізімдерін қалыптастырады, қоныс аударуға қатысу тәртібі мен шарттары туралы консультациялар береді.

53. Облыс ішінде қоныс аударуға үміткерлер келісім берген жағдайда халықты жұмыспен қамту орталығына осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай құжаттарды:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) еңбек өтілін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

3) білімі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса) қоса бере отырып өтініш береді.

54. Халықты жұмыспен қамту орталықтары құжаттарды қабылдағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде басқа ауданға көшкісі келетіндердің өтініштерін және құжаттарын халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органға, бір аудан ішінде көшкісі келетіндердікін аудандық (қалалық) комиссияның қарауына жібереді.

55. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органы облыс шегінде облыстық (аудандық) маңызы бар қалаға көшкісі келетін адамдардың өтініштері мен құжаттары келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды өңірлік комиссияның қарауына жібереді.

56. Өңірлік және аудандық (қалалық) комиссиялар өтініш берген адамдардың құжаттарын қарау қорытындысы бойынша өтініштер келіп түскен күннен бастап

бес жұмыс күні ішінде облыс ішінде көшетін азаматтарға қатысты қоныс аударушылар құрамына енгізу не енгізуден бас тарту туралы ұсынымдар әзірлейді.

57. Өңірлік және аудандық (қалалық) комиссиялар ұсынымдар әзірлегеннен соң үш жұмыс күні ішінде ұсынымдарды халықты жұмыспен қамту орталықтарына жібереді.

58. Өңірлік және аудандық (қалалық) комиссияның отырысы өтініштер мен құжаттар келіп түскен кезде өткізіледі.

59. Халықты жұмыспен қамту орталықтары ұсынымдарды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде комиссиялардың ұсынымдары негізінде өтініш берушілерді облыс ішінде қоныс аудару бойынша шешім қабылдайды.

60. Халықты жұмыспен қамту орталықтары шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде облыс ішінде қоныс аударуға қатысатын адамдарға қабылданған шешім туралы байланыс құралдары арқылы хабарлайды.

61. Халықты жұмыспен қамту орталықтары комиссияның оң қорытынды бар үміткерге осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көшуге жолдама береді. Үміткерлердің көшуі өздігінен жүзеге асырылады.

62. Халықты жұмыспен қамту орталықтары осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарт жасайды.

4-параграф. Материалдық көмекті төлеу тәртібі

Ескерту. 4-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Өңіраралық қоныс аудару шеңберінде жаңа тұрғылықты жерге келгеннен кейін қандастар мен қоныс аударушыларға және олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ отбасы жағдайына қарамастан жалғыз басты адамдарға материалдық көмек беріледі.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63-1. Экономикалық ұтқырлық сертификаты - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары шеңберінде тұрғын үйді сатып алу кезінде

ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу, тұрғын үйді сатып алу және салу үшін ақшалай төлем ретіндегі материалдық көмек.

Экономикалық ұтқырлық сертификаты келу өңірінде тұрақты тұратын елді мекенде тұрғын үйді сатып алу кезінде қандастар мен қоныс аударушыларға беріледі.

Ескерту. 4-параграф 63-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63-2. Экономикалық ұтқырлық сертификаты бойынша ақшалай төлем алу үшін қандастар және қоныс аударушылар осы Қағидалардың 6-1 қосымшасына сәйкес нысанда бірге халықты жұмыспен қамту орталығына мыналарды қоса бере отырып, өтініш береді:

- 1) тұрғын үйді сатып алу кезінде тұрғын-үйді сату-сатып алу шарты;
- 2) тұрғын үйді сатып алу кезінде тұрғын үй ипотекалық қарызы бойынша алғашқы жарна барысында екінші деңгейлі банктердің тұрғын үй қарызын беруді мақұлдауын растайтын құжат;
- 3) тұрғын үйді құрылысын салу кезінде қандастар мен қоныс аударушылардың меншігінде жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесінің не/ немесе жеке қосалқы шаруашылық бар екенін растайтын құжат.

Аталған құжаттардың түпнұсқасы және көшірмесі ұсынылады. Олардың сәйкесітігін тексергеннен кейін түпнұсақалар өтініш иесіне қайтарылады.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарастырады, экономикалық ұтқырлық сертификаты бойынша ақшалай төлемді беру немесе себептерін дәлелді негіздей отырып, одан бас тарту туралы шешім шығарады және қабылданған шешім туралы өтініш иесін хабарландырады.

Экономикалық ұтқырлық сертификатын ұсынудан бас тарту мынадай себептерге байланысты:

- 1) өтініш берушінің осы тармақтың бірінші бөлімінде көзделген құжаттарды ұсынбауы;
- 2) ұсынылған құжаттарда деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау.

Ескерту. 4-параграф 63-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63-3. Халықты жұмыспен қамту орталықтары экономикалық ұтқырлық сертификаты бойынша ақшалай төлемді мына жағдайларда аударады:

1) тұрғын үйді сатып алу кезінде – экономикалық ұтқырлық сертификаты бойынша ақшалай төлемді беру туралы шешім қабылданғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде тұрғын үйді сату-сатып алу шартына сәйкес, сатушының екінші деңгейлі банктегі немесе банк операцияларының жекелей түрін жүзеге асыратын басқа да ұйымдағы дербес шотына;

2) ипотекалық қарыз кезінде - экономикалық ұтқырлық сертификаты бойынша ақшалай төлемді беру туралы шешім қабылданғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде тұрғын үй қарызы шартына сәйкес екінші деңгейлі банктердің дербес шотына;

3) тұрғын үйді салу кезінде – екінші деңгейлі банктегі немесе банк операцияларының жекелей түрлерін жүзеге асыратын басқа да ұйымдағы қандастар мен қоныс аударушылардың дербес шотына:

экономикалық ұтқырлық сертификаты бойынша ақшалай төлемді беру туралы шешім қабылданғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде экономикалық ұтқырлық сертификаты сомасының 25%-ы.

Қандас пен қоныс аударушы экономикалық ұтқырлық сертификаты бойынша ақшалай төлемді алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде тұрғын үй құрылысының басталғандығы жөнінде халықты жұмыспен қамту орталықтарын хабардар етеді;

Құрылыс және монтаждау жұмыстарының аяқталғандығы жөнінде аудандық (қалалық) комиссияның растауымен екі жұмыс күні ішінде экономикалық ұтқырлық сертификаты сомасының 40%-ы. Құрылыс және монтаждау жұмыстарының аяқталғанын растау үшін өтініш беруші халықты жұмыспен қамту орталығына ерікті түрде нысандағы фото, бейне дәлелдемелері арқылы өтініш ұсынады. Халықты жұмыспен қамту орталықтары жанындағы аудандық (қалалық) комиссия көрсетілген өтінішті алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде құрылыс орнына шығады және құрылыс және монтаждау жұмыстарының аяқталғаны жөнінде фактінің расталуы немесе расталмауы туралы шешім шығарады, ол туралы өтініш берушіні хабардар етеді;

Құрылыс жұмыстарының аяқталғандығы жөнінде аудандық (қалалық) комиссияның растағаннан кейін екі жұмыс күні ішінде экономикалық ұтқырлық сертификаты сомасының 35%-ы.

Тұрғын үй құрылысының аяқталғаны туралы факті өтініш берушінің халықты жұмыспен қамту орталықтарына Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес объектіні пайдалануға беру актісі арқылы расталады.

Ескерту. 4-параграф 63-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Көшу шығыстарын өтеу бір рет отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК мөлшерінде беріледі.

Көшу шығыстарын өтеу үшін қандастар мен қоныс аударушылар халықты жұмыспен қамту орталықтарына осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеу ай сайын, он екі айдан көп емес тұрғын үй алғанға дейін мынадай мөлшерлерде өтеледі:

1) қалалық жерлерге қоныс аударғандар үшін:

бір адам үшін 20 АЕК мөлшерінде;

отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса 25 АЕК мөлшерінде;

отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде 30 АЕК мөлшерінде төленеді;

2) ауылдық жерлерге қоныс аударғандар үшін:

бір адам үшін 15 АЕК мөлшерінде;

отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болған кезде 18 АЕК мөлшерінде;

отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде 21 АЕК мөлшерінде төленеді.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66-1. Тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеу үшін қандастар мен қоныс аударушылар халықты жұмыспен қамту орталықтарына осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Жалдау шартына сәйкес халықты жұмыспен қамту орталықтарымен жалдамалы/қызметтік тұрғынжай ұсынылса көшуге, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төленбейді.

Ескерту. 4-параграф 66-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Материалдық көмек өтініш квотаға енгізілген кезден бастап алты айдан кешіктірілмей берілген жағдайда ұсынылады.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Бұрын көшуге субсидия тағайындалған "Еңбек" Мемлекеттік бағдарламасына қатысушылар тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеу бұрын жасалған әлеуметтік келісімшарттарға сәйкес осы Қағидалардың шарттарына сәйкес төлем алады.

75. Халықты жұмыспен қамту орталығы материалдық көмекті беру туралы шешімді өтініш берген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Қандастарда және қоныс аударушыда және оның отбасы мүшелерінде жаңа тұрғылықты жері бойынша меншік құқығындағы тұрғынжайы не соңғы алты айдан астам мерзімге коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрақты пайдалануындағы тұрғынжайы болған жағдайда, тұрғынжайы, қызметтік

тұрғынжайы не жаңа тұрғылықты жері бойынша жатақханаға бөлмесі ұсынылмайды, тұрғынжайды жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар өтелмейді, экономикалық ұтқырлық сертификат бойынша ақшалай төлем берілмейді.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Қоныс аударушылар мен қандастар үшін тұрғын үй сатып алу (құнын төлеп алу) және(немесе) салу, сондай-ақ қоныс аударушылар мен қандастар үшін тұрғын үй сатып алуды және(немесе) салуды қаржыландыру тәртібі

77. Тұрғын үй қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган қоныс аударушылар мен қандастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін:

1) бірыңғай үлгілік жоба бойынша тұрғын үй салуды, тұрғын үйді, оның ішінде өз қаражаты есебінен тұрғын үй салған жұмыс берушілерден сатып алуды (құнын төлеп алуды);

2) салынып жатқан объектілер бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуді;

3) тұрғын үй және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салу үшін жер учаскелерін бөлуді;

4) инженерлік инфрақұрылым объектілерін салуды жүзеге асырады.

78. Қандастар мен қоныс аударушылар үшін тұрғын үйдің қажетті саны Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша тиісті жылға арналған қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы белгіленгенге дейін соңғы 5 жылда орта есеппен қалыптасқан үй шаруашылықтарының орташа мөлшеріне байланысты айқындалады.

79. Тұрғын үй саны қандастар мен қоныс аударушылар санын өңірлік квотада белгіленген үй шаруашылықтарының орташа мөлшеріне бөлу жолымен бірлікпен айқындалады.

Бұл ретте, егер үйлердің жалпы саны оннан көп немесе одан аз болса, бүтін бірлікке дейін дөңгелектеу қолданылады.

80. Бірыңғай үлгілік жоба бойынша тұрғын үй құрылысы жұмыс берушілер тарапынан қоса қаржыландырылған кезде жүзеге асырылады, бұл ретте жұмыс беруші тұрғын үй құнының кемінде 15%-ын қоса қаржыландырады.

Қоса қаржыландыру туралы шешімді сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы орган қабылдайды.

81. Жұмыс берушілердің тарапынан қоса қаржыландырған жағдайда сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы орган мен жұмыс беруші мынадай талаптарды:

- 1) тұрғын үйді бірлесіп салу тәртібін;
- 2) қоныс аударатын азаматтарды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды;
- 3) жұмыс берушінің қоса қаржыландыру мөлшерін көздейтін ниет шартын жасасады.

82. Заңнамада белгіленген тәртіппен мердігерді және объектінің түпкілікті құнын айқындағаннан кейін бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі, мердігер және жұмыс беруші тұрғын үй құрылысы және жұмыс берушінің қоса қаржыландыру шарттары туралы үшжақты шарт жасасады.

83. Тұрғын үй сатып алу (құнын төлеп алу) және(немесе салу), инженерлік инфрақұрылым объектілерін салу жергілікті атқарушы органдарға республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер, нысаналы даму трансферттері есебінен қаржыландырылады.

84. Жергілікті атқарушы органдар осы міндетті іске асыру үшін жергілікті бюджет қаражатын және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздерді тартады.

85. Жергілікті атқарушы органдар заңнамаға сәйкес тұрғын үй салуға жер учаскелерін бөлуді, жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуді, мемлекеттік сараптама өткізуді, қосуға техникалық шарттар беруді, сондай-ақ егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына және жергілікті бюджет қаражаты есебінен аумақтарды салу жоспарына сәйкес инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды тартуды және қосуды жүзеге асырады.

86. Тапсырыс беруші салынған немесе сатып алынған (құнын төлеп алынған) объектіні қабылдауды және пайдалануға беруді ол толық дайын болған кезде жүргізеді.

Объектіні бұзушылықтармен және құрылыстық кемшіліктермен пайдалануға қабылдаған жағдайда объектіні пайдалануға қабылдауға қатысушылар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

87. Тұрғын үйді пайдалануға беру актісін алғанға дейін тұрғын үйді сатып алуды (сатып алуды) түпкілікті қаржыландыруға жол берілмейді.

88. Тұрғын үй сатып алынғаннан (сатып алынғаннан) және(немесе) пайдалануға берілгеннен кейін тұрғын үй қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның балансына беріледі.

89. Тұрғын үй әлеуметтік келісімшарт жасалған жағдайда беріледі.

1) тұрғын үйді сатып алу (құнын төлеп алу) арқылы берілген кезде 3-қосымшаға сәйкес халықты жұмыспен қамту орталығы мен қандас немесе қоныс аударушы арасында;

2) тұрғын үй салу арқылы берілген кезде 5-қосымшаға сәйкес халықты жұмыспен қамту орталығы, қандас немесе қоныс аударушы және жұмыс беруші арасында.

90. Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган, жұмыс беруші және қандас немесе қоныс аударушы арасында 20 жыл мерзімге тұрғын үй бере отырып, жалға алу шарты жасалады.

91. Әлеуметтік келісімшарт шарттары сақталғанда, бес жыл тұру мерзімі аяқталған соң, мынадай кезде:

1) сатып алынған кездегі тұрғын үйдің баланстық құнынан қалған соманы біржолғы төлеммен енгізген;

2) қалған соманы келесі он бес жыл ішінде тең үлестермен енгізуген (бұл ретте тұрғын үйдің құны бюджетке толық өтелгенге дейін ол қатысушының меншігіне әділет органдарында жылжымайтын мүлік ауыртпалығы салынып беріледі) кезде тұрғын үй жекешелендіріледі.

Қызметтік тұрғын үйлер "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 109 бабының 2-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес жекешелендіреді.

92. Нақты тұрған кезеңінде төленген жалға алу төлемдерінің бұдан бұрын енгізілген сомалары тұрғын үй құнының есебіне қосылады.

93. 20 жылдық мерзім аяқталған соң тұрғын үйді жекешелендіру шарттарынан бас тартқан жағдайда жалға алу шарты ұзартылады.

94. Қандасқа не қоныс аударушыға жергілікті атқарушы органның немесе жұмыс берушілердің қаражаты есебінен жалға берілетін тұрғын үй берілген жағдайда, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар өтелмейді.

95. Қоныс аударушылар мен қандастарға тұрғын үйді салуды қаржыландыру сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган арқылы жүзеге асырылады.

96. Қоныс аударушылар мен қандастарға тұрғын үйді сатып алуды (құнын төлеп алуды) қаржыландыру халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган арқылы жүзеге асырылады.

6-параграф. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан қызметтік тұрғын үйлерді, және жатақханалардан бөлмелерді беру және жайластыру тәртібі

97. Жергілікті атқарушы органдардың тапсырыстары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын қандас пен қоныс аударушыға жұмыс беруші жұмыскерге тұрғынжай ұсынған жағдайды қоспағанда, тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй және жатақханалардан бөлме беріледі.

98. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй әр адамға кемінде он бес шаршы метр және он сегіз шаршы метрден аспайтын пайдалы алаң көлемінде беріледі.

99. Қандас немесе қоныс аударушы мен қоныстандыру жерінің халықты жұмыспен қамту орталығы арасында "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1420 қаулысымен бекітілген нысан бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шарты жасалады.

Бюджеттік сала жұмыскерлері қатарындағы қатысушыларға жаңа тұрғын үйді сатып алуды жұмыс берушілердің қажеттілігінің негізінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

100. Жатақханадан бөлмелер отыз бес жасқа дейінгі еңбекші жастарға (оның ішінде жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілеріне, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған балаларға) олардың бұрынғы тұрған жеріне, оның ішінде облыс орталықтарында тұрғанына қарамастан беріледі.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101. Жастар, оның ішінде некеде тұрған жастар үшін жатақханалардан бөлмелер мынадай:

- 1) жасының отыз беске дейін болуы;
- 2) қолданыстағы еңбек шартының немесе әлеуметтік келісімшарттың болуы;
- 3) жылжымайтын мүлкі жоқтығы туралы анықтаманың болуы;
- 4) екінші деңгейлі банкта шот ашу туралы анықтаманың болуы шарттарына сәйкес келгенде беріледі.

Ескерту. 101-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

102. Жастарға арналған жатақханадағы бөлмелер 10 жылға дейінгі мерзімге беріледі және жекешелендіруге жатпайды. Өңірлік комиссияның шешімі бойынша жастарға арналған жатақханадағы бөлмені жалдау шарты бес жылдан аспайтын мерзімге бір рет ұзартылады.

103. Жастарға арналған жатақханадағы бөлме, тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй комиссия қабылдаған тұрғын үй беру туралы шешімнің және халықты жұмыспен қамту орталығы мен қандас немесе қоныс аударушы арасында жасалған тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді және жатақханадағы бөлмені жалдау (қосымша жалдау) туралы шарттың негізінде беріледі.

104. Қандастың немесе қоныс аударушының немесе еңбек етуге қабілетті отбасы мүшесінің екі айдан астам қолданыстағы еңбек шарты немесе мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік шарты болмаған жағдайда тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді, жастарға арналған жатақханадағы бөлмені жалдау (қосымша жалдау) шарты бұзылады.

105. Егер шарт жасасу туралы ұсыныс жасалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде "Еңбек" бағдарламасына қатысушы жалдау (қосымша жалдау) шартына қол қоймаса, халықты жұмыспен қамту орталығы жастарға арналған жатақханадан бөлмені, тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді "Еңбек" бағдарламасының басқа қатысушысына қайта бөледі.

106. Халықты жұмыспен қамту орталығы "Еңбек" бағдарламасына қатысушымен жастарға арналған жатақханадан бөлмені, тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шартын халықты жұмыспен қамту орталығының (қоныстандыру жерінің) тұрғын үй комиссиясы тиісті шешім қабылдағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде жасайды.

107. Қандас немесе қоныс аударушы жастарға арналған жатақханадан бөлмені, тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шартының тарапы болады.

108. Жастарға арналған жатақханадан бөлмені, тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген тәртіппен екі данада жасалады.

109. Жастарға арналған жатақханалардан бөлмені, тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шартының бір данасы халықты жұмыспен қамту орталығында сақталады, екіншісі өтініш берушіге беріледі және жастарға арналған жатақханадан бөлмеге, тұрғын үйге, қызметтік тұрғын үйге қоныстануға құқық беретін жалғыз құжат болып табылады.

110. Жалдау (қосымша жалдау) шарты күнтізбелік бір жыл мерзімге жасалады және тараптардың біреуі шарт аяқталғанға дейін күнтізбелік бір ай қалғанда жалдау (қосымша жалдау) шартының талаптарына сәйкес хабарлама (еркін нысанда) жіберген жағдайларды қоспағанда, жыл сайын (жатақханадағы

бөлмені жалға алудың онжылдық мерзімі аяқталғанға дейін) автоматты түрде ұзартылады.

111. Қандас немесе қоныс аударушы қайтыс болған жағдайда бұрын жасалған жалдау (қосымша жалдау) шарты қалалық (аудандық) комиссияның келісімімен тұрғын үй комиссиясының шешімі бойынша жалға алушы отбасының кәмелетке толған мүшесімен ұзартылады.

112. Отбасының кәмелетке толған мүшесі болмаған жағдайда жалдау (қосымша жалдау) шарты қалалық (аудандық) комиссияның келісімімен отбасының кәмелетке толмаған мүшесінің (мүшелерінің) заңды өкілдерімен жасалады.

113. Жалға алушының ауысуы тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шартын қайта ресімдеуге алып келеді.

114. Жастарға арналған жатақханадан бөлме, тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй қандасқа немесе қоныс аударушыға бір рет қана беріледі.

115. Төтенше жағдайлардың немесе күшпен еңсеруге келмейтін (форс-мажор) өрт, жер сілкіну, су тасқыны сияқты жағдайлардың нәтижесінде жастарға арналған жатақхана, тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй апаттық, авариялық, тұру үшін жарамсыз болып танылған жағдайда "Еңбек" бағдарламасына қатысушыға бос тұрғын үй болған кезде соған теңестірілген басқа тұрғын үй беріледі.

116. Жастарға арналған жатақханадан бөлмені, тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді жалға алудың ай сайынғы төлемінің мөлшерін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7232 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлем мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес халықты жұмыспен қамту орталығы айқындайды.

117. Тұрғын үйді бөлудің осы тәртібі ЖҚЖК 2020 бағдарламасы, "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бұрын салынған (сатып алынған) қызметтік тұрғын үйге және еңбек жастарына арналған жатақханаларға, сондай-ақ жергілікті бюджет қаражаты есебінен салынған және (немесе) сатып алынған тұрғын үйге және жатақханаларға қолданылады.

Жұмыс күшінің ұтқырлығын
арттыру үшін адамдардың ерікті
түрде қоныс аудару
қағидаларына
1-Қосымша
Нысан

Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш

(жергілікті атқарушы органның атауы)

Мені/мені және менің отбасымының мүшелерін өңірлік қоныс аударушыларды қабылдаудың квотасына қосуыңызды өтінемін

ЖСН	
Т.А.Ә. (бар болса)	
Туған күні, айы, жылы	
Жынысы	
Мекенжайы	

Төмендегідей отбасымның құрамы бар:

ЖСН	Т.А.Ә. (бар болса)	Туыстық дәрежесі	Туған күні	Азаматтығы	Ұлты
1	2	3	4	5	6

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

_____ ;
_____ ;

Мен "Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу"

мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті жеке деректерімді жинауға және өңдеуге

келісімді беремін.

"__" _____ 20 _____

(өтініш берушінің қолы)

(Т.А.Ә. құжаттарды қабылдаған адамның лауазымы)

Жұмыс күшінің ұтқырлығын
арттыру үшін адамдардың ерікті
түрде қоныс аудару
қағидаларына
2-Қосымша

Нысан

Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарт

_____ 20__ жылғы "__" _____
(жасалған орны)

Бұдан әрі "Халықты жұмыспен қамту орталығы" деп аталатын _____

— _____ атынан

_____ атынан
_____ атынан
(Халықты жұмыспен қамту орталығының атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
бір тараптан және бұдан әрі "Ерікті қоныс аударуға қатысушы" деп аталатын

_____ атынан
_____ атынан
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке басын
куәландыратын
құжаттың сериясы, нөмірі, қашан және кім берген) екінші тараптан төмендегі
туралы осы
элеуметтік келісімшартты (бұдан әрі – Келісімшарт) жасады:

1. Келісімшарттың мәні

1. Келісімшарт жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларын көрсету мақсатында жасалды.

2. Келісімшарт тараптары Халықты жұмыспен қамту орталығы және Ерікті қоныс аударуға қатысушы болады.

Келісімшарт шеңберінде ерікті қоныс аударуға қатысушыға мынадай мемлекеттік қолдау шаралары:

_____ ұсынылады.
— _____
_____ ұсынылады.

(Ерікті қоныс аударуға қатысушыға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларын көрсету)

3. Келісімшарт Халықты жұмыспен қамту орталығы директорының 20 __ жылғы " __ " _____ № __ бұйрығы негізінде жасалды.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4. Халықты жұмыспен қамту орталығының:

1) Ерікті қоныс аударуға қатысушыдан материалдық көмек тағайындау және тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелер) беру үшін өтініш пен құжаттар топтамасын қабылдауға;

2) тұрғын үй комиссиясының Ерікті қоныс аударуға қатысушыға тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелер) беру туралы шешімін қабылдауға;

3) Ерікті қоныс аударуға қатысушымен тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелерді) жалға беру шартын жасауға;

4) материалдық көмектерді тағайындау туралы шешім қабылдауға және субсидияларды Ерікті қоныс аударуға қатысушының дербес шотына аударуды жүзеге асыруға;

5) Ерікті қоныс аударуға қатысушының тұрғын үйге, қызметтік тұрғын үйге (еңбекші жастарға арналған жатақханалардағы бөлмеге) қоныстануын қамтамасыз етуге;

6) Ерікті қоныс аударуға қатысушыны жаңа тұрғылықты жері бойынша тіркеуге жәрдемдесуге;

7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 515 бұйрығымен бекітілген Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13921 болып тіркелген) ескертілген жағдайларда Ерікті қоныс аударуға қатысушы отбасының кәмелеттік жасқа толған басқа мүшелерімен тұрғын үйді жалға алу шартын қайта жасауға құқығы бар.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Халықты жұмыспен қамту орталығы:

1) Ерікті қоныс аударуға қатысушының тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасуына, кәсіпкерлік қызметті дамытуға және кәсіби дағдыларды игеруге жәрдемдесуге және оны бақылауды жүзеге асыруға;

2) Ерікті қоныс аударуға қатысушы мен жұмыс берушінің келісімшартты орындауына мониторингті жүзеге асыруға;

3) тараптардың міндеттемелерін орындауына мониторингті жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды тараптардан сұратуға және алуға;

4) Ерікті қоныс аударуға қатысушының көшу тәртібіне, мерзіміне қатысты ақпаратты шыққан жеріндегі Халықты жұмыспен қамту орталығынан сұратуға;

5) Ерікті қоныс аударуға қатысушы мен жұмыс берушіден Келісімшарт талаптарының уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге;

6) Келісімшарт талаптары орындалмаған және (немесе) тиісінше орындалмаған жағдайда тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмені) жалға алу шартын бұзуға;

7) жұмысқа орналастырудың жеке картасында Ерікті қоныс аударуға қатысушының қоныс аударғаннан кейін тұрақты жұмысқа орналасқаны туралы мәліметтерді көрсетуге;

8) Ерікті түрде қоныс аударуға қатысушыларға және олардың кәмелеттік жасқа толған отбасы мүшелеріне жыл сайын берілген тұрғын үйдің сапасына қанағаттану бойынша сауалнама жүргізеуге;

9) саны, сапасы, қоныс аударуға арналған елді мекенде орналасуы бойынша Ерікті түрде қоныс аударуға қатысушыны тұрғын үймен қамтамасыз ету тетігіне мониторинг жүргізуге міндетті.

6. Ерікті қоныс аударуға қатысушының:

1) Халықты жұмыспен қамту орталығына материалдық көмек тағайындау және тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелер) бөлу үшін өтініш пен қажетті құжаттар топтамасын тапсыруға;

2) шыққан жерінің Халықты жұмыспен қамту орталығынан көшудің тәртібі, мерзімі және қабылдау шарттары туралы, оның ішінде тұрғын үймен, қызметтік тұрғын үймен (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмемен) қамтамасыз ету және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша ақпарат алуға;

3) Келісімшарт тараптарынан келісімшарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге;

4) келісімшартта көзделген мемлекеттік қолдау шараларын алуға құқығы бар.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Ерікті қоныс аударуға қатысушы:

1) көшуге жолдама алғаннан кейін белгіленген мерзімдерде айқындалған елді мекенге келуге;

2) Халықты жұмыспен қамту орталығымен тұрғын үйді, қызметтік тұрғын үйді (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелерді) жалға беру шартын жасауға және оған белгіленген мерзімде қоныстануға;

3) жұмыс беруші ұсынған тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасуға не кейіннен жұмысқа орналасумен кәсіптік оқытудан өтуге;

4) міндетті түрде дара кәсіпкер, заңды тұлға, жеке практикамен айналысатын адам ретінде немесе шаруа немесе фермер қожалығы нысанында тіркелумен әзірленген бизнес-жоспарға сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;

5) коммуналдық және жалға алу ақысын уақтылы төлеуге;

6) тараптардың міндеттемелерін орындауына мониторингті жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды уақтылы және толық көлемде тараптардың сұратуы бойынша ұсынуға;

7) өзіне көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде жүктелген міндеттемелерді адал атқаруға;

8) әлеуметтік келісімшартқа отырғаннан бастап қоныстану жерінен бес жыл ішінде кеткен (отбасымен) жағдайда алған материалдық көмек сомаларын бюджетке өтеуге міндетті.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Әскери қызметке шақырылған, осы елді мекенде тұруға мүмкіндік бермейтін сырқаттанушылықты, жұмыс берушінің өтінімі бойынша басқа жерге оқуға жіберілген жағдайларды қоспағанда, ерікті қоныс аударуға қатысушының отбасы мүшелерінің бірі қоныстандырған жерінен кеткен жағдайда, кеткен отбасы мүшесі алған материалдық көмек сомасы бюджетке қайтарылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Отбасы бір мүшесінің қабылдау өңірінен тыс жерге кету фактісі анықталған соң Халықты жұмыспен қамту орталығы материалдық көмекті отбасы мүшелерінің санына сәйкес қайта есептейді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Тараптардың жауапкершілігі

10. Халықты жұмыспен қамту орталығы мен Ерікті қоныс аударуға қатысушылар осы Келісімшартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

11. Жұмыспен қамту орталығының мен Ерікті қоныс аударуға қатысушылар осы Келісімшартта көзделмеген жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларына сәйкес қолданылады.

12. Осы Келісімшарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Жұмыспен қамту орталығын Ерікті қоныс аударуға қатысушыларды осы мерзімнің аяқталуына дейін болған оны бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

4. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары

13. Халықты жұмыспен қамту орталығы мен Ерікті қоныс аударуға қатысушы осы Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін туындаған өрт, жер сілкінісі, су тасқыны және апатты құбылыстар, әскери әрекеттер сияқты төтенше жағдайларда немесе күшпен еңсеруге келмейтін жағдайларда (форс-мажор) міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

14. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде, осы Келісімшартқа сәйкес қандай да болмасын міндеттемесінің орындалуы осындай жағдайдың туындауына орай мүмкін болмай қалған Халықты жұмыспен қамту орталығы мен Ерікті қоныс аударуға қатысушы форс-мажорлық жағдай туындаған немесе тоқтатылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда (осы келісімшарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалмауы мүмкіндігін уәждемелеп және негіздеп) хабардар етуге міндеттенеді.

15. Хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау, Халықты жұмыспен қамту орталықты мен Ерікті қоныс аударуға қатысушыны мұндай хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау тиісті форс-мажорлық жағдайлардан тікелей туындаған жағдайларды қоспағанда, осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы үшін жауапкершіліктен босатушы негіздеме ретінде кез келген форс-мажорлық жағдайға сілтеме жасаудан айырады.

Форс-мажорлық жағдайлардың басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлама форс-мажорлық жағдайлар жалпыға белгілі және көпшілік сипатта болған әрі дәлелдеуді қажет етпейтін жағдайларды қоспағанда, құжатпен не мұндай жағдайларды растайтын тиісті органның және/немесе мекеменің шешімімен расталуға тиіс.

16. Осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімі форс-мажорлық жағдайлар, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдар орын алған уақытқа тең болады. Егер форс-мажорлық жағдайлардың туындауына байланысты Халықты жұмыспен қамту орталығының және Ерікті қоныс аударуға қатысушының осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалмауы _____ (кезеңі көрсетілсін) асатын болса, онда Халықты жұмыспен қамту орталығы және Ерікті қоныс аударуға қатысушы осы Келісімшартты бұзуға құқылы.

5. Басқа да жағдайлар

17. Келісімшартқа тараптардың келісімі бойынша қосымша әлеуметтік келісімшартқа қол қою арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

18. Осы Келісімшарт оған Халықты жұмыспен қамту орталығы, Ерікті қоныс аударуға қатысушы және жұмыс беруші қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 20__ жылғы " __ " _____ дейін қолданылады.

6. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері

Халықты жұмыспен қамту орталығы

(Халықты жұмыспен қамту орталығының толық атауы)

(заңды мекен-жайы)

(телефон, факс)

(уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(қолы)

М.П.

Ерікті қоныс аударуға қатысушы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(мекен-жайы)

(телефон, факс)

(қолы)

Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларына 3-Қосымша Нысан

ауданының (қаласының) халықты жұмыспен қамту орталығының директорына кімнен

(уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Өтінім

_____ негізінде әрекет ететін

(Ереже, жарғы)

(жұмыс берушінің атауы)

атынан _____

(уәкілетті өкілдің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

жұмыс беруші ретінде ерікті өңіраралық қоныс аударуға қатысушылар құрамына қосуды және 400 АЕК мөлшерінде субсидия тағайындауды сұраймын.

Мәселе оң шешілген жағдайда төмендегілер туралы:

1) ерікті түрде қоныс аударуға қатысушыны кемінде екі жыл мерзімге тұрақты жұмысқа

орналастыруға;

2) жұмысқа орналастырылған қызметкерлердің еңбек шарттары бойынша мәліметтерді

"Электрондық еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі" ААЖ-да орналастыруды

қамтамасыз ету;

3) Ерікті түрде қоныс аударуға қатысушының көшуі, жаңа тұрғылықты жерінде жайластыруға жәрдемақы беру, қызметтік тұрғын үй беру жөніндегі немесе ұмыскердің

тұрғын үй жалдау жөніндегі шығыстарын өтеу, жұмыскердің тұрғын үй сатып алуға

жұмсаған шығыстарын ішінара өтеу, жұмыскердің шығыстарын толық немесе ішінара өтеу

міндеттемелерін қабылдаймын.

Р/с №	Ерікті қоныс аударуға қатысушының аты-жөні	Бұйрықтың №, күні	Кім ретінде жұмысқа қабылданды	Айлық жалақының мөлшері, теңге
1	2	3	4	5

Қосымша:

1. Көшу, жаңа тұрғылықты жерде орнығуына жәрдемақы беру, қызметтік тұрғын үй беру немесе жұмыскердің тұрғын үйді жалдау бойынша шығыстарын өтеу, жұмыскердің тұрғын үй сатып алуға жұмсаған шығыстарын ішінара өтеу бойынша шығыстар сметасы.

2. Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына қосу туралы өңірлік комиссияның шешімі.

3. Жұмыс берушінің жұмысқа қабылдау туралы актісі не жұмыс берушінің қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылған жұмыскерлермен жасалған еңбек шарттарының көшірмесі.

Басшы _____
қолы күні
М.О. (бар болса)

Жұмыс күшінің ұтқырлығын
арттыру үшін адамдардың ерікті
түрде қоныс аудару
қағидаларына
4-Қосымша
Үлгілік нысан

Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы үшжақты әлеуметтік келісімшарт

_____ 20__ жылғы "___" _____
(жасалған орны)

Бұдан әрі "Халықты жұмыспен қамту орталығы" деп аталатын _____

(Халықты жұмыспен қамту орталығының атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

атынан _____

бір тараптан, бұдан әрі – "Ерікті қоныс аударуға қатысушы" деп аталатын

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке басын куәландыратын құжаттың сериясы, нөмірі, қашан және кім берген)
атынан екінші тараптан және "Жұмыс беруші" деп аталатын

(жұмыс берушінің атауы, заңды өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), бизнес сәйкестендіру нөмірі, жұмыс берушінің заңды мекен-жайы)
үшінші тараптар төмендегі туралы осы әлеуметтік келісімшартты (бұдан әрі – Келісімшарт) жасады:

1. Келісімшарттың мәні

1. Келісімшарт жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларын көрсету мақсатында жасалды.

2. Келісімшарт тараптары Халықты жұмыспен қамту орталығы және Ерікті қоныс аударуға қатысушы, Жұмыс беруші болады.

Келісімшарт шеңберінде Ерікті қоныс аударуға қатысушыға мынадай мемлекеттік қолдау шаралары:

—

—

—

(Ерікті қоныс аударуға қатысушыға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларын көрсету)

ұсынылады.

3. Келісімшарт Халықты жұмыспен қамту орталығы директорының 20 ____ жылғы " ____ " _____ № ____ бұйрығы негізінде жасалды.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4. Халықты жұмыспен қамту орталығының:

1) Ерікті қоныс аударуға қатысушыдан көшуге субсидия тағайындау және тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй беру үшін өтініш пен құжаттар топтамасын қабылдауға;

2) жаңа тұрғылықты жері бойынша ерікті түрде қоныс аударуға қатысушыны тіркеуге жәрдем көрсетуге міндетті;

3) Қағидаларда айтылған жағдайларда ерікті түрде қоныс аударуға қатысушының кәмелетке толған басқа да отбасы мүшелерімен тұрғын үйді жалдау шартын қайта жасасуға құқығы бар.

5. Халықты жұмыспен қамту орталығы:

1) жұмысқа орналасқан күннен бастап екі жыл ішінде ерікті түрде қоныс аударуға қатысушының жұмыс орнының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға;

2) Ерікті қоныс аударуға қатысушы мен жұмыс берушінің келісімшартты орындауына мониторингті жүзеге асыруға;

3) тараптардың міндеттемелерін орындауына мониторингті жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды тараптардан сұратуға және алуға;

4) Ерікті қоныс аударуға қатысушы мен жұмыс берушіден Келісімшарт талаптарының уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге;

5) жұмысқа орналастырудың жеке картасында Ерікті қоныс аударуға қатысушының қоныс аударғаннан кейін тұрақты жұмысқа орналасқаны туралы мәліметтерді көрсетуге міндетті.

6. Ерікті қоныс аударуға қатысушының:

1) Келісімшарт тараптарынан келісімшарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге;

2) жұмыс берушіден келісімшартта көзделген қолдау шараларын алуға;

7. Ерікті қоныс аударуға қатысушы:

1) көшуге жолдама алғаннан кейін белгіленген мерзімдерде айқындалған елді мекенге келуге;

2) жұмыс беруші ұсынған тұрақты жұмыс орнына орналасуға немесе кейіннен жұмысқа орналасумен кәсіптік оқытудан өтуге;

3) тараптардың міндеттемелерін орындауына мониторингті жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды уақтылы және толық көлемде тараптардың сұратуы бойынша ұсынуға;

4) өзіне көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде жүктелген міндеттемелерді адал атқаруға;

8. Жұмыс берушінің:

1) халықты жұмыспен қамту орталығына субсидиялар тағайындау үшін қажетті өтініш пен құжаттар топтамасын беруге;

2) келісімшарт тараптарынан келісімшарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге құқығы бар.

9. Жұмыс беруші:

1) ерікті қоныс аударуға қатысатын адамдарды тұрақты жұмыс орнына қабылданған күннен бастап кемінде күнтізбелік жиырма төрт ай мерзімге жұмысқа орналастыруға;

2) жұмысқа қабылдау немесе одан бас тарту туралы халықты жұмыспен қамту орталығын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде хабардар етуге;

3) Ерікті қоныс аударуға қатысушымен 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) сәйкес еңбек шартын жасауға;

4) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Салық

кодексі), "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ерікті қоныс аударуға қатысушылар алған табыстарынан жеке табыс салығын және міндетті зейнетақы жарналарын ұстауды және аударуды, сондай-ақ әлеуметтік салық төлеуді және орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін Бағдарламаға қатысушыларға төленетін жұмыс берушінің табыс түріндегі төлейтін шығыстарынан әлеуметтік аударымдар аударуды жүргізуге;

5) халықты жұмыспен қамту орталығының сұратуы бойынша Ерікті қоныс аударуға қатысушыға міндетті зейнетақы аударымдары аударылғанын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға;

6) Ерікті қоныс аударуға қатысушыны кейіннен жұмысқа орналастыру үшін кәсіптік оқытуға жіберуге;

7) Ерікті қоныс аударуға қатысушыны тұрғын үймен қамтамасыз етуге міндетті.

10. Әлеуметтік келісімшарттың талаптарына сәйкес Ерікті қоныс аударуға қатысушы (отбасымен бірге) қоныстандырған жерінен екіжылдық кезең өткенге дейін негізсіз кеткен жағдайда, кеткен күнінен бастап он екі ай мерзімде жұмыс беруші осы жұмыскер үшін алған субсидияны өтейді.

3. Тараптардың жауапкершілігі

11. Жұмыспен қамту орталығы, Ерікті қоныс аударуға қатысушы және жұмыс беруші осы Келісімшартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

12. Жұмыс берушілермен Ерікті қоныс аударуға қатысушыны жұмысқа орналастыру жөніндегі міндеттемені орындамаған жағдайда жұмыс берушілер жұмыскердің көшу бойынша шығыстарын өтеуге жана тұрғылықты жерде орнығуға жәрдемақы ұсынуға, жұмыскерге қызметтік тұрғын үй беруге немесе тұрғын үйді жалдау бойынша шығыстарын өтеуге, жұмыскердің тұрғын үй сатып алуға шығыстарын ішінара өтеу, жұмыскердің мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметтеріне ақы төлеу шығыстарын толық немесе ішінара өтеуге мемлекеттің көтерген шығыстарын өтейді.

13. Халықты жұмыспен қамту орталығының мен Ерікті қоныс аударуға қатысушылармен жұмыс берушілердің осы Келісімшартта көзделмеген жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларына сәйкес қолданылады.

14. Осы Келісімшарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Жұмыспен қамту орталығын Ерікті қоныс аударуға қатысушыды және жұмыс берушіні осы мерзімнің аяқталуына дейін болған оны бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

4. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары

15. Жұмыспен қамту орталығымен Ерікті қоныс аударуға қатысушы және жұмыс беруші осы Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін туындаған өрт, жер сілкінісі, су тасқыны және апатты құбылыстар, әскери әрекеттер сияқты төтенше жағдайларда немесе күшпен еңсеруге келмейтін жағдайларда (форс-мажор) міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

16. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде, осы Келісімшартқа сәйкес қандай да болмасын міндеттемесінің орындалуы осындай жағдайдың туындауына орай мүмкін болмай қалған Жұмыспен қамту орталығы, Ерікті қоныс аударуға қатысушы және жұмыс беруші форс-мажорлық жағдай туындаған немесе тоқтатылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда (осы келісімшарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалмауы мүмкіндігін уәждемелеп және негіздеп) хабардар етуге міндеттенеді.

17. Хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау, Жұмыспен қамту орталығыны Ерікті қоныс аударуға қатысушыны және жұмыс берушіні мұндай хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау тиісті форс-мажорлық жағдайлардан тікелей туындаған жағдайларды қоспағанда, осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы үшін жауапкершіліктен босатушы негіздеме ретінде кез келген форс-мажорлық жағдайға сілтеме жасаудан айырады.

Хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау, Жұмыспен қамту орталығыны Ерікті қоныс аударуға қатысушыны және жұмыс берушіні мұндай хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау тиісті форс-мажорлық жағдайлардан тікелей туындаған жағдайларды қоспағанда, осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы үшін жауапкершіліктен босатушы негіздеме ретінде кез келген форс-мажорлық жағдайға сілтеме жасаудан айырады.

18. Осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімі форс-мажорлық жағдайлар, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдар орын алған уақытқа тең болады. Егер форс-мажорлық жағдайлардың туындауына байланысты Жұмыспен қамту орталығының, Ерікті қоныс аударуға қатысушының және жұмыс берушінің осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара орындауының мүмкін болмауы _____ (кезеңі көрсетілсін) асатын болса, онда осы Келісімшартты бұзуға құқылы.

5. Басқа да жағдайлар

19. Келісімшартқа тараптардың келісімі бойынша қосымша әлеуметтік келісімшартқа қол қою арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

20. Осы Келісімшарт оған Халықты жұмыспен қамту орталығы, Ерікті қоныс аударуға қатысушы және жұмыс беруші қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 20__ жылғы " __ " _____ дейін қолданылады.

6. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері

		Жұмыс беруші
Халықты жұмыспен қамту орталығы		_____
_____		_____
(Халықты жұмыспен қамту орталығының толық атауы)	Ерікті қоныс аударуға қатысушы	(заңды тұлғаның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/, жеке тұлғаның аты-жөні, жеке сәйкестендіру нөмірі)
_____	_____	_____
_____	(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))	(юридический адрес)
(заңды мекенжайы)	_____	_____
_____	_____	_____
_____	(мекенжайы)	(банктік сәйкестендіру нөмірі)
(телефон, факс)	_____	_____
_____	_____	_____
_____	(телефон, факс)	(банк атауы)
(уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))	_____	_____
_____	(қолы)	_____
(қолы) М.О.		(уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

		(қолы) М.О. (бар болса)
		Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларына
		5-Қосымша
		Нысан

		ауданының (қаласының) халықты жұмыспен қамту орталығының директорына
		кімнен

тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)

Ерікті облысшілік қоныс аударуға қатысушылар қатарына қосу туралы өтініш

Мені/мені және менің отбасымының мүшелерін ерікті облысшілік қоныс аударуға қатысушылар қатарына қосуыңызды өтінемін

ЖСН	
Т.А.Ә. (бар болса)	
Туған күні, айы, жылы	
Жынысы	
Мекенжайы	

Төмендегідей отбасымның құрамы бар:

ЖСН	Т.А.Ә. (бар болса)	Туыстық дәрежесі	Туған күні	Жағдайы	Т ұ р у мекен-жайы
1	2	3	4	5	6

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

Осымен ерікті облысшілік қоныс аударуға қатысушылар қатарына қосу үшін қажетті менің

дербес деректерімді жинауға және өңдеуге өз келісімімді беремін.

" _____ " _____ 20 _____
(өтініш берушінің қолы)

(Т.А.Ә. құжаттарды қабылдаған адамның лауазымы)

Жұмыс күшінің ұтқырлығын
арттыру үшін адамдардың ерікті
түрде қоныс аудару
қағидаларына
6-Қосымша
Нысан

Қоныс аударуға № ___ жолдама

Қатысушы _____

—

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)
өңірлік комиссияның 20 ___ жылғы " ___ " _____ № ___ шешіміне
сәйкес _____

(елді мекеннің/ауданның/облыстың атауы)

тұру және _____

(кәсіп/мамандық атауы)

мамандығы (кәсібі) бойынша жұмысқа орналасу үшін жіберіледі.

Онымен бірге

ЖСН	Т.А.Ә. (бар болса)	Туыстық дәрежесі	Туған күні	Жағдайы	Т ұ р у мекен-жайы
1	2	3	4	5	6

қоныс аударды

Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры

_____ - _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Берілген күні _____

М.О.

(кесу сызығы)

Жолдама берген Халықты жұмыспен қамту орталығына қайтарылады.

№ ___ жолдамаға хабарлама

(қоныстанған аудан/қала, облыстың халықты жұмыспен қамту орталығы)

ЖСН	
Т.А.Ә. (бар болса)	
Туған күні, айы, жылы	

Жынысы	
Мекен-жайы	

20 __ жылғы " __ " _____ жасалған № _____ әлеуметтік келісімшартқа сәйкес (20__ жылғы _____ № __ бұйрық) ерікті облысшілік қоныс аударуға қатысушы болып табылады және оған

_____ (елді мекеннің/ауданның/облыстың атауы)

_____ (жұмыс берушінің атауы, заңды мекенжайы, байланыс телефондары) кейіннен жұмысқа орналасумен тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, жатақханадан бөлме, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидия беріледі (қажеттінің астын сызу). Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса (қолы)

Күні _____

М.О.

Жұмыс күшінің ұтқырлығын
арттыру үшін адамдардың ерікті
түрде қоныс аудару
қағидаларына
6-1-қосымша

Ескерту. Қағида 6-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

_____ ауданының (қаласының)
Халықты жұмыспен қамту
орталығының директорына

_____ тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)

Өтініш

Менің экономикалық ұтқырлық сертификаты бойынша тұрғын үйді алу үшін құқығымды іске асыру үшін тиесілі соманы бізге төлеуіңізді сұраймын.

Экономикалық ұтқырлық сертификат қолданылады:

- құрылыс үшін _____;

- сатып алу үшін _____;

- тұрғын-үй қарызы ипотекасы бойынша алғашқы жарна ретінде өтеу үшін

(банктің атауы, банктің бизнес, жеке сәйкестендіру нөмірі, банктің банктік сәйкестендіру коды, алушының жеке шотының нөмірі көрсетіледі)

Мекенжай: қала (аудан, ауыл), көше, үй _____.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

1) екінші деңгейдегі банкте ашқан жеке шотымның нөмірі;

2) ипотекалық қарыз кезінде тұрғын үй несиесін беруді мақұлдау туралы екінші деңгейлі банктен хат;

3) сатып алған жағдайда сату-сатып алу келісімшарты;

4) тұрғын үй құрылысын салу кезінде жеке тұрғын үй құрылысы үшін жерге мемлекеттік тіркеу құқығы туралы куәлік.

20 __ жылғы " ____ " _____

(өтініш берушінің қолы)

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалған құпия мәліметтерді қолдануға келісемін.

(күні) (қолы)

Құжаттар қабылданды:

20 ____ жылғы " ____ " _____

Құжаттарды қабылдаған құзыретті тұлғаның ТАӘ (бар болса) қолы

Қандастар мен қоныс аударушылардың _____ ұсынылған құжаттары _____ көлемде қабылданды 20 ____ жылы " ____ " _____.

Құжаттарды қабылдаған құзыретті тұлғаның ТАӘ (бар болса) қолы.

Жұмыс күшінің ұтқырлығын
арттыру үшін адамдардың ерікті
түрде қоныс аудару
қағидаларына
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

ауданының (қаласының)
Халықты жұмыспен қамту
орталығының директорына

тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)

Көшу шығыстарын өтеу туралы өтініш

ЖСН	
Т.А.Ә. (бар болса)	
Туған күні, айы, жылы	
Жынысы	
Мекенжайы	

маған және менің отбасымның мүшелеріне көшу шығыстарын өтеуді сұраймын

ЖСН	Т.А.Ә. (бар болса)	Туыстық дәрежесі	Туған күні	Жағдайы	Ж а ң а тұрғылықты жері бойынша тұратын мекенжайы
1	2	3	4	5	6

Бізге берілетін көшуге тиесілі соманы

(банктің атауы, банктің бизнес, жеке сәйкестендіру нөмірі, банктің банктік сәйкестендіру коды, алушының жеке шотының нөмірі көрсетіледі)
аударуды сұраймын.

Өтінішке екінші деңгейдегі банкте ашқан жеке шотымның нөмірін қоса беремін.

20 __ жылғы " __ " _____

(өтініш берушінің қолы)

Жұмыс күшінің ұтқырлығын
арттыру үшін адамдардың ерікті
түрде қоныс аудару
қағидаларына
8-қосымша

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2023 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

ауданының (қаласының)
Халықты жұмыспен қамту
орталығының директорына
кімнен

тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)

Тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге өтініш

ЖСН	
Т.А.Ә. (бар болса)	
Туған күні, айы, жылы	
Жынысы	
Мекенжайы	

Сізден _____

(көшу себебі көрсетіледі)

байланысты маған және менің отбасы мүшелеріме, отбасымның мынадай құрамын ескере отырып:

ЖСН	Т.А.Ә. (бар болса)	Туыстық дәрежесі	Туған күні	Жағдайы	Ж а ң а тұрғылықты жері бойынша тұратын мекенжайы
1	2	3	4	5	6

тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуді сұраймын.

_____ мекенжайы бойынша
тұрамын.

(нақты тұратын мекенжайы (өңір, қала/аудан, ауылдық мекен, көше, үй, пәтер))

Бізге тиесілі тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстардың сомасын

(банктің атауы, банктің бизнес сәйкестендіру нөмірі, банктің банктік сәйкестендіру коды, алушының жеке шотының нөмірі көрсетіледі)

аударуды сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

- 1) екінші деңгейдегі банкте ашқан жеке шотымның нөмірі;
- 2) жалға алу шарты немесе алдын ала сатып алу шарты.

20 __ жылғы " ____ " _____

өтініш берушінің қолы)